



«Бекітемін»

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

М.Ерманова

2025 ж.

«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» республикалық байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан (мемлекеттік, жекеменшік) мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» республикалық байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, офлайн форматта ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің (бұдан әрі – Институт) 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымдары әдіскерлерінің озық тәжірибесін анықтау, қолдау және насихаттау, олардың кәсіби деңгейін арттыру.

1.4. Міндеттері:

- шығармашылықпен жұмыс істейтін әдіскерлердің тәжірибесін анықтау және тарату;
- әдіскерлердің кәсіби өсуін және әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда инновациялық тәсілдерді ынталандыру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын тиімді енгізуді қамтамасыз ету;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту және жетілдіруде әдістемелік қолдау көрсету;
- мектепке дейінгі ұйым әдіскерлерінің мәртебесін арттыру, оң әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру;
- ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қатысуы;

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқаудың ұйымдастырушылары – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық, қалалық білім бөлімдері, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары.

2.2. Байқауға мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері қатыса алады (әдіскер ретіндегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл).

2.3. Байқау үш кезеңде жыл сайын өткізіледі:

I кезең – аудандық, қалалық (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың) деңгей (*азымдағы жылы қыркүйек*);

II кезең - облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен

астананың) деңгей (*ағымдағы жылы қазан*);

III кезең – республикалық деңгей (*ағымдағы жылы қараша*).

2.4. Өңірлерде байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет-ресурстарда байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Педагогтердің құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін байқаудың барлық кезеңдерінде аудан, қала, облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 7 адам) деңгейінде басшылардың бұйрығымен Өңірлік байқау комиссиясы құрылады.

2.6. Өңірлік байқау комиссиясына аудандық, қалалық білім бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының қызметкерлері, әдістемелік қызмет, білім беру саласындағы ғылыми және талдау ұйымдарының қызметкерлері (сарапшылары), сондай-ақ білім беру саласындағы (педагог-шебер, педагог-зерттеуші) үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

2.7. Өңірлік байқау комиссиясы байқауға қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді және бағалайды.

2.8. Байқаудың I кезеңіне қатысу үшін қатысушы осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белсенді сілтемені көрсете отырып өтінім береді (байқаудың I кезеңінің нәтижелері бойынша жеңімпаздарға II кезеңге қатысуға жол беріледі; II кезеңнің нәтижелері бойынша жеңімпаздарға III кезеңге қатысуға жол беріледі), электрондық форматта келесі құжаттар (материалдар) қоса беріледі:

1) облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) қатысушының **өтінімі** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

3) I-II кезеңдердегі байқауға қатысушылардың санын көрсете отырып, аудандардың, қалалардың білім бөлімдерінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының **өңірлік байқау комиссиясының хаттамасы** (сканерленген көшірмесі);

4) материалдарды қарау үшін қатысушының өтінімінде (осы Ереженің 1-қосымшасы) белсенді сілтеме көрсетілген, **әдіскердің Е-портфолиосы** (осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес әдіскер портфолиосының құрылымы);

5) мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бойынша **жылдық жоспар**:

- педагогтермен (семинар, дөңгелек үстелдер, әдістемелік кеңестер, конференциялар, ашық есік күндері және т.б.);

- ата-аналармен (тренингтер, ашық есік күндері, акциялар, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі», Ата-аналарға арналған консультациялық пункттер жұмыстары);

- инновациялық технологияларды енгізу, мектеппен сабақтастығы.

б) Байқаудың барлық кезеңдерінде **офлайн форматта** қатысушылар

мектепке дейінгі ұйымның ағымдағы оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын қорғау қажет (ұзақтығы 10 минутқа дейін), презентациядағы слайдтар саны 7 ден көп емес.

2.9. Байқаудың II және III кезеңдеріне Бас жүлде иегері жіберіледі.

Байқау нәтижелері осы Ереженің 3 және 4-қосымшасында орналастырылған қатысушылардың жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес 5 балдық жүйе бойынша бағаланады.

3. Байқауға қатысушыға қойылатын талаптар

3.1. Облыстық кезеңнің жеңімпаздары келесі бес жыл ішінде байқауға қатыспайды.

3.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге келісімін береді.

3.3. Жіберілген материал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

4. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

4.1 Республикалық III кезеңге материалдар «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» байқауы атауымен i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына **2025 жылдың «14» қарашасынан** кешіктірмей жіберілуі тиіс.

4.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» республикалық байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленді:

- Бас жүлде;

- I орын;

- II орын;

- III орын.

Номинациялар:

- «Іскер әдіскер»;

- «Жаңашыл әдіскер»;

- «Креативті әдіскер»

- «Көшбасшы әдіскер».

5.2. Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпаздары Институттың дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады.

5.3. Байқау қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары Институт сайтында www.irrd.kz және әлеуметтік желілер беттерінде жарияланады.

Анықтамалар үшін телефон: 8 (7172) 57-46-52

**«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»
республикалық байқауға қатысуға
ӨТІНІМ**

Мені байқауға қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Жұмыс орны	
2.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
3.	Педагогикалық өтілі	
4.	Лауазымдағы жұмыс өтілі	
5.	Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді)	
6.	Біліктілік санаты	
7.	Байланыс телефоны (үй, ұялы), электрондық пошта	
8.	Е-портфолио материалдарын қарау үшін интернет-ресурстың белсенді сілтемесі	

Әдіскердің «Е-портфолиосы»

Байқауға қатысушы материалдарды қарау үшін қатысушының өтінімінде (осы Ережеге 1-қосымша) белсенді сілтеме ұсынуы тиіс.

Е-портфолио келесілерді қамтиды:

1. Әдіскер туралы жалпы мәліметтер.

- тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), міндетті түрде 3x4 көлемінде фотосурет салынған;

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- еңбек өтілі;

- білімі (білімін растайтын құжаттардың көшірмелері);

- біліктілікті арттыру (сертификаттар мен куәліктердің соңғы 3 (үш) жылдан аспайтын көшірмелері);

- марапаттары (грамоталардың, мақтау қағаздарының, алғыс хаттардың, төсбелгілер куәліктерінің, үкіметтік және мемлекеттік наградалардың көшірмелері).

2. Педагогикалық қызмет мониторингі:

- білім беру ұйымының басшысы растаған мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің соңғы 3 (үш) жылдағы білім беру жетістіктері мониторингінің нәтижелері (болған жағдайда).

3. Ғылыми-педагогикалық қызмет бойынша ақпарат:

- педагогикалық тәжірибені жинақтау (авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, оларға хаттамалардың үзінділері (болған жағдайда), педагог қатысқан семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, фестивальдар, озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату);

- білім беру және педагогикалық жобаларды іске асыру бойынша материалдар (бар болса);

- соңғы 3 (үш) жыл ішінде (ақпаратты, консультацияларды web (веб)-ресурстарда және әлеуметтік желілерде тұрақты орналастыру – ақпараттық жүйеде растайтын құжаттарды (материалдарды), сілтемелерді бекіту).

**Офлайн форматта жүргізілетін
мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік жұмыс жоспарын
қорғауды бағалау критерийлері**

Күні _____

Әдіскердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Критерийлер	Көрсеткіштер	Ұпайлар	Қорытындылар
Әдістемелік жұмыстың мақсаты мен міндеттері	Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс жоспары мен қызметінің мазмұнына сәйкестігі	0-5	
Тәрбие мен оқыту әдістері	Негізгі әдістер міндеттерге, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес келмейді	0-5	
	Негізгі әдістер міндеттерге, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес келеді	0-2	
	Тәрбие мен білім беру процесінде қолданылатын барлық әдістер міндеттерге, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес келеді	0-2	
	Әдістерді қолдану, авторлық бағдарламасы негізінде жоспарланады	0-2	
Жұмыста сандық білім ресурстары қосымша көздерді қолдану	Жұмыста дайын немесе әдіскермен әзірлеген беру АКТ-ны (презентация, цифрлық байланыс орталығы, QR-кодтары және т.б.) қолдану	0-5	
Педагогтың қызметі	тәрбиеленушілер ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттерін түсінбейді, ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша тәрбиеленушілер кері байланыс орната алмайды	0-2	
	кейбір тәрбиеленушілер ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттерін түсінбейді, ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттеріне тәрбиеленушілердің кері байланысы сәйкес келмейді	0-2	
	тәрбиеленушілер ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттерін түсінеді, ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттеріне	0-2	

Әдіскердің рефлексиясы	<p>тәрбиеленушілердің кері байланысы сәйкес келеді, дағдылардың дамуы айқындалады</p> <p>ұйымдастырылған іс-әрекеттерге өзіндік талдау жүргізеді, қайсысы өзгертуді (жақсартуды) талап ететінін айқындайды, педагогтердің жетістіктері негізінде әдістемелік жұмыстың деңгейін бағалайды</p>	0-2
---------------------------	--	-----

Қорытындылар _____

Ұсыныстар _____
